

Кенжебаева Қ.С.
**Болашақ педагогтердегі
жоғары әлеуметтік интеллект
профилінің сипаттамасы**

Қазақстандық жоғары оқу орындарының біріндегі студенттердің (N = 66) жоғары деңгейдегі әлеуметтік интеллектінің профилі зерттеледі. Зерттеу мақсаты: болашақ педагогтердің жоғары деңгейдегі әлеуметтік интеллектіндегі ерекшеліктерді анықтау және олардың әлеуметтік интеллект профилінің құрылымын сипаттау. Зерттеу әдісі ретінде Е.С. Михайлова (Алешина) бейімдеген Гилфорд-Салливеннің әлеуметтік интеллектіні өлшеу тесті қолданылды. Бұл субтест бойынша алынған жоғары көрсеткіштер болашақ педагогтердің қарым-қатынас үдерісінде вербалды емес реакцияларға бағдарлана алу біліктілігін бейнелейді. Олар вербалды емес экспрессияны ескере алатындықтан қарым-қатынасқа қатысушылардың айтқан сөздерінің мағынасын жақсы түсінеді. Әлеуметтік интеллект профилінде композиттік бағаның әлдеқайда жоғары болуы болашақ педагогтердің тұлғаралық қарым-қатынас жағдайларын біліктілікпен түсінетіні туралы қорытынды жасауға болады. Сонымен бірге, композиттік баға мен субтест нәтижелері болашақ педагогтер үшін қарым-қатынас үдерісінде рухани құндылықтар субъективті приоритетке ие екендігі айқындалды.

Сонымен қатар, біздің эксперимент нәтижесі шетелдік ғалымдардың зерттеулерінің мәліметтеріне ішінара ғана сәйкес келеді. Оған оқу орнындағы көсіби дайындау жағдайындағы және әлеуметтік ортадағы өзгешеліктер; осы орайдағы студенттердің тұлғалық дамуына қойылатын талаптардың ерекшеліктері; қоғамдағы қарым-қатынас пен мінез-құлықтың, жүріс-тұрыстың түрліше стандарттары мен нормалары басты себептер болып табылады.

Түйін сөздер: педагог, әлеуметтік интеллект, мінез-құлық, жүріс-тұрыс, вербалды қарым-қатынас, вербалды емес экспрессия.

Kenzhebayeva K.S.
**The profile of a high level of
social intellect`s of future
teacher**

The profile of social intellect`s high level of one of Kazakhstan high schools` students is considered in this work (N=66). The aim of the research work is to define features of social intellect`s high level of future teachers and to give characteristic`s of the structure of their social intellect`s profile. The test on social intellect by Gilford-Salpivan adapted by E.S.Mikhailova(Aleshina) was used as the method of research. The stock normative mark not lower than 3 was the indicator of future teachers high level of social intellect. It is found out that the verbal expression as the substructure of social intellect is an important indicator of abilities to communication of future pedagogs which are revealed in their everyday life and educational activity. The successful results of substest №3 define the strategy and tactics of efficient behaviour of future teachers in the process of communication; rather developed perceptive characteristics; psychological readiness to pedagogical communication; displaying interest to social reality; the social roles` latitude. The results of substest №1 are on the second place in the profile of social intellect`s high level of future teachers. High qualitative data of substest №1 testify that the future teachers are well versed in ethic norms and rules of communication and behaviour in society; the adequately realize consequences of their actions and others` deeds. The analyses of qualitative indicators of the given substest shows that future teachers social-psychologically adapt to various communicative situations. The results of substest №2 take the third place. High results on given substest show that future teachers can be versed in non-verbal reactions in the process of communication. They understand the meaning of interlocutor`s words as they adequately understand, and are able to take into account non-verbal expression that follows them. The social sensitivity of future teachers is confirmed by high results of substest №2. According to qualitative data the substest №4 is on the last place. Nevertheless the average meaning on substest №4 in the profile of social intellect`s high level shows that future teachers have rather developed social thinking. The highest composite mark in the profile of social intellect allows to summarize that the future teachers skillfully understand the situations of interpersonal communication. And the composite mark and the results of substests display that for future teachers the inner values are subjective priorities in the process of communication.

These results are partly confirmed by the results of analog researches, made by foreign scientists. They are lead by the differences of educational sphere and society of different countries and those requirements to personal uniqueness of students. That shows the university medium and standards and norms of communication and behaviour in society.

Key words: teacher, social intellect, behaviour, verbal communication, non-verbal expression.

Кенжебаева К.С.
**Профиль высокого уровня
социального интеллекта
у будущих педагогов**

Автором статьи определяются особенности высоких уровней социально-го интеллекта будущих педагогов и дается характеристика структуры профиля их социального интеллекта. Полученные высокие результаты по данному субтесту отражают, что будущие педагоги умеют ориентироваться на невербальные реакции в процессе общения, хорошо понимают смысл слов собеседника, умеют учитывать сопровождающую их невербальную экспрессию. Делается вывод о том, что будущие педагоги умело разбираются в ситуациях межличностного общения. Также композитная оценка и результаты субтестов показывают, что для будущих педагогов в процессе общения субъективными приоритетами являются духовные ценности.

Ключевые слова: педагог, социальный интеллект, поведение, вербальное общение, невербальная экспрессия.

**БОЛАШАҚ
ПЕДАГОГТЕРДЕГІ
ЖОҒАРЫ ӘЛЕУМЕТТІК
ИНТЕЛЛЕКТ
ПРОФИЛІНІҢ
СИПАТТАМАСЫ****Кіріспе**

Тұлғаның басқаны дұрыс түсініп, риясыз қабылдай алуы оның өзінің тіршілік әрекетіндегі табыстылыққа, әлеуметтік ортада қажетті кері байланысқа негіз болады. Бірақ, барлық адамның басқаларды терең түсіне алуға мүмкіндіктері жете бермейді. Бұл жағдай барлық іс-әрекеті басқалармен – оқушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен және әкімшілікпен қарым-қатынастан тұратын, оларды түсініп, қабылдай алу қажетті шарт болатын педагогтер арасында да орын алатыны көптеген зерттеулерден (А.А. Бодалев, Х.Т. Шерьязданова, Е.Д. Иванова, Р.Б. Карамуратова, С.В. Кондратьева, Л.М. Митина, А.Р. Ерментаева, А.А. Реан және т.б.) белгілі. Осыған байланысты болашақ педагогтердің өзара ақпарат алмасу, өзара әрекеттесу, өзара қатынас үдерістерінде өзінің де, басқалардың мінезқұлқы мен жүріс-тұрысын да түсініп, қабылдауы аса әрқашан көкейтесті мәселе болып табылады.

«Әлеуметтік интеллект» ұғымын алғаш рет Э. Торндайк психологияда 1920-шы жылы қолданған еді. Одан кейінгі уақыттан бері әлеуметтік интеллект туралы шетелдік психологияда бірқатар ғылыми білім, тың эксперименттік мәліметтер жинақталуда. Г. Айзенк, С. Бери, Х. Гарднер, Дж. Гилфорд, Дж. Кильстром, С. Космитский, Н. Кэнтор, Г. Оллпорт, Р. Селман, Р. Стернберг, Дж. Форсайт, Дж. Хадланд, Дж.А. Хорвард, Н.В. Алешина, М.И. Бобнева, Р.К. Вагнер, В.М. Вильяме, Г.П. Геранюшкина, Е.Л. Григоренко, В.Н. Дружинин, Е.А. Елкина, Ю.Н. Емельянов, А.В. Карпов, Т.Н. Карпович, М.М. Кашапов, Н.А. Кудрявцева, В.Н. Куницына, В.А. Лабунская, Н.А. Лужбина, Е.С. Михайлова (Михайлова), М.В. Молоканов, С.А. Рахманкулова, А.И. Савенков, Н.А. Сеткова, Н.А. Сирота мен Н.И. Зенцова, П.В. Смирнова, С.А. Снук, Е.И. Степанова, В.И. Суслов, В.А. Порядин, М.Л. Тарасенко, Л.И. Уманский, Д.В. Ушаков, О.Б. Чеснокова, А.Л. Южанинова және т.б. авторлардың еңбектеріне қатысты әлеуметтік интеллект мәселесі бойынша зерттеудің бірнеше бағыттарын көрсетуге болады:

– «әлеуметтік интеллект» ұғымының түрлі ғылыми ұстаныммен тұжырымдалынуы;

- жас ерекшелікке байланысты әлеуметтік интеллектінің даму заңдылықтарының зерттелінуі;
- әлеуметтік рөлдердің әр түрлері бойынша әлеуметтік интеллектінің анықталынуы;
- жыныстық айырмашылыққа қатысты әлеуметтік интеллект ерекшеліктерінің анықталынуы;
- әлеуметтік интеллектіні дамыту бойынша психологиялық-педагогикалық шарттардың, заңдылықтары мен механизмдердің дәйектелінуі және т.б.

Негізгі бөлім

Болашақ педагогтерде әлеуметтік интеллект профилі жоғары деңгейде болуы олардың қарым-қатынаста әлеуметтік-перцепциялық қабілетпен; қоғамдағы этикалық-нормативтік жағынан маңызды тұлғалық қасиеттермен, кәсіби іс-әрекетке бейімділікпен сипатталады деген эмпирикалық болжам тұжырымдалды.

Зерттеуге педагогика мамандықтарында оқитын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 608 студенті қатысты. Зерттеуге қатысқан студенттердің 3-5 тапсырманы қатарынан орындамай, орындауға ниет танытпаған, ырықты түрде жұмыс істеуге ынтасыз болғандардың берген жауаптарын есептемедік. Ондай студенттердің саны 12 адам болды. Сонда зерттеуге қатысқан 596 студент бойынша эксперимент мәліметтері өңделіп, талданды.

Эксперименттік зерттеу 2013-2014; 2014-2015 және 2015-2016 оқу жылдарында жүргізілді.


Алдымен әлеуметтік интеллект зерттелді. Мұнда Дж. Гилфорд пен М. Салливеннің әлеуметтік интеллектіні өлшеу әдістемесі қолданылды [8; 11].

2013-2014 оқу жылында экспериментке қатысқан 360 студент бойынша әлеуметтік интеллектінің мәліметтері оқу курстары бойынша талданған еді [12]. Одан кейінгі оқу жылдарында зерттеуге қатысқан студенттердің 89,4% (211 адам) 1-ші курс студенттері болса, 10,6% (25 адам) 2-4 курс студенттерін құрады. Олардың жас шамасының орташа мәні 19,1-ге, ал стандарттық ауытқу 1,3-ке тең болды.

Дж. Гилфорд пен М. Салливеннің әлеуметтік интеллектіні өлшеу әдістемесінен алынған мәліметтер бойынша барлық зерттелінушілер әлеуметтік интеллектісі жоғары, орташа және орташадан төмен болып үш топқа бөлінді. Әлеуметтік интеллектінің жоғары деңгейі Дж. Гилфорд пен М. Салливеннің әлеуметтік интеллектіні өлшеу әдістемесіндегі әрбір субтест және композиттік баға бойынша алынған шикі балдар стандартты нормативке келтірілген 3-тен төмен емес балмен анықталды.

Экспериментке қатысқан барлық студенттердің 11% (66 адам) әлеуметтік интеллектінің жоғары деңгейін көрсетті.

Дж. Гилфорд пен М. Салливеннің әлеуметтік интеллектіні өлшеу әдістемесі жоғары деңгейдегі әлеуметтік интеллектінің орта мәнге сәйкес жалпыланған профилі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Болашақ педагогтердің жоғары деңгейдегі әлеуметтік интеллект профилі

Зерттелуші болашақ педагогтердің әрбір субтест және композиттік баға бойынша алынған балдары арасында статистикалық мәнділік тағайындалмады.

Жоғары әлеуметтік интеллект профилінің әр құраушысын субтесттер бойынша Гилфорд-Салливен әдістемесін құрасты-

рушы авторлардың сипаттамасы негізінде қарастырамыз [8; 17].

Мұнда зерттеуге қатысқан студенттердің 3-ші субтест, яғни «вербалды экспрессия» бойынша, яғни, нақты бір жағдайдағы тілдік экспрессияны түсіне алатын қабілеті, қарым-қатынас кезіндегі сезімталдығы басқа әлеуметтік интеллект көрсеткіштерінен жоғары болды (4,48 балл).

Олай болса, 3-ші субтест бойынша жоғары балл жинаған зерттелушілер өзара қатынастың сипаты мен ерекшеліктеріне аса жоғары сезімталдықпен көрінеді. Соның арқасында олар қарым-қатынас барысында, нақты бір коммуникациялық жағдайда айтылған ойды, тілдік экспрессияны тез әрі дұрыс түсіне алады.

Бұл субтесттен жоғары балл жинап, табысты орындау тұлғаның келесі тұлғалық психологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады:

- бейтаныс адамды оның фотосуреті бойынша дәлме-дәл сипаттау;
- тұлғаның өз рухани құндылықтарын жоғары деңгейде деп санап, жоталандырып, субъективті сипаттауы.

Олай болса, 3-субтест бойынша алынған нәтиже болашақ педагогтердің қарым-қатынаста әлеуметтік-перцепциялық қабілетпен; қоғамдағы этикалық-нормативтік жағынан маңызды тұлғалық қасиеттермен, кәсіби іс-әрекетке бейімділікпен сипатталады деген эмпирикалық болжамға ішінара сәйкес келді.

Көрсеткіштердің жоғары мәні бойынша одан кейін 1-ші субтест – «жалғастырылатын оқиғалар» орналасады (4,2 балл). Бұл эксперимент көрсеткіші студенттердің қарым-қатынас жағдайын, басқалардың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын аңғара алу, болжай алу қабілеті бойынша мәлімет береді.

Мұнда «жалғастырылатын оқиғалар» атты 1-ші субтест бойынша жоғары балл жинаған зерттелушілер мінез-құлқтың, жүріс-тұрыстың салдарын көрегендікпен аңғара алады.

Бұл субтесттен жоғары балл жинап, табысты орындау тұлғаның келесі тұлғалық психологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады:

- бейтаныс адамның фотосуреті арқылы оның тұлғалық қасиеттерін толық әрі дәлме-дәл сипаттауға қабілеттілік;
- вербалды емес ақпаратты түсінуге қабілеттілік;
- Мен-тұжырымдамасының саралылығы.

Олай болса, 1-ші субтест бойынша алынған жоғары нәтиже болашақ педагогтердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуге қабілеттің жеткілікті дамуымен сипатталатынын көрсетеді.

2-ші «экспрессия топтары» субтесті бойынша студенттер адамның ым-ишарасы, қимыл-қозғалысы, бет-әлпеті арқылы оның күйін, ниетін, сезімдерін анықтауының сандық көрсеткіші 4,0 балл болды.

Сонда, «экспрессия топтары» атты 2-ші субтест бойынша жоғары балл жинаған зерттелушілер басқалардың вербалды емес қылықтары:

– ым-ишарасы, қимыл-қозғалыстары арқылы олардың күйін, сезімдерін, ниеттерін дұрыс бағалауға қабілетті болады. Бұл субтесттен жоғары балл жинап, табысты орындау тұлғаның келесі тұлғалық психологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады:

- бейтаныс адамның фотосуреті арқылы оның тұлғалық қасиеттерін таптаурындылыққа салмай, нақты, толық, келісті сипаттай алу;
- іскерлік негіздегі қарым-қатынас жағдайында басқалардың эмоциялық күйлеріне сезімталдық таныту;
- қарым-қатынастың экспрессивті репертуарының әр түрлі болуы;
- қарым-қатынастағы ашықтық;
- қарым-қатынаста сый көңіл білдіре алу.

Олай болса, 2-субтест бойынша алынған нәтиже болашақ педагогтердің қарым-қатынаста әлеуметтік сезімталдықпен ерекшеленетінін көрсетеді.

Гилфорд-Салливен әдістемесі бойынша әлеуметтік интеллектінің 4-ші субтестінің («толықтырылатын оқиғалар») әлеуметтік интеллект құрылымының жалпы факторлық үлесінде әлдеқайда ақпаратты және кешенді болса да, оның қорытындысы ең соңғы орында қалды. Мұнда экспериментке қатысқан студенттердің бірталайы логикалық жалпылауды, адамның әр түрлі вербалды емес реакцияларының ортақ белгілерін анықтауды басқа субтест параметрлеріне қарағанда күрделі мәселе ретінде қабылдады.

Зерттелінуші болашақ педагогтердің арасында қыздар мен жігіттердің сандық қатынасы статистикалық мәнді болмағандықтан (сәйкесінше 86,4% (57 қыз) және 13,6% (9 жігіт)), жыныстық айырмашылық бойынша талдау жасамадық.

Қорытынды

Сонымен, біздің зерттеуде қолданылған әлеуметтік интеллектіні психологиялық диагностиқаға арналған Гилфорд-Салливен әдістемесі арқылы алынған сандық және сапалық нәтижелерді саралап түсіндіруге болады. Осыған байланысты эксперименттік мәліметтерді қорытындылап,

болашақ педагогтердің жоғары әлеуметтік интеллект профилін сипаттайық. (Талдау студенттердің әрбір субтест бойынша көрсеткен нәтижесіне сәйкес «жоғарыдан төменге» қарай жүргізіледі).

Жоғары әлеуметтік интеллект профилінде стандарттық балл бойынша 3-ші субтесттің басым болуы зерттелуші болашақ педагогтерде вербалды қарым-қатынасқа; «ұстаз-оқушы», «ұстаз-ата/ана», «ұстаз-ұстаз» және «ұстаз-әкімшілік» жүйесіндегі кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлықтың дамуын көрсетеді. Сонда, әлеуметтік интеллект профиліндегі вербалды экспрессияның жоғары мәндері бойынша зерттеуге қатысқан болашақ педагогтердің кәсіби іс-әрекетте өзін танытуға бейімділігін сипаттайды.

3-ші субтест бойынша жоғары көрсеткішті мемлекеттік тілде оқитын студенттер жинады. Сондықтан бұл құбылысты қазақ жастарының ұлттық психологиялық ерекшеліктері деп те санауға болады. Өйткені, қарым-қатынаста бір-бірінің айтпақ ойын бет-әлпеттен, емеуріннен, сөздің астарынан түсінетін қазақ ұлтының ерекшеліктері зерттелуші болашақ педагогтердің де тұлғалық құрылымына, әлеуметтік рөлдерді игеруіне ықпал еткендігі көрінеді.

Зерттелуші болашақ педагогтердің әлеуметтік-перцепциялық қабілетпен ерекшеленетіндігін жоғары әлеуметтік интеллект профиліндегі стандарттық балл бойынша 3-ші субтесттің басым болуы сипаттайды. Сонда, зерттелушіге қарым-қатынаста ашықтық, достық сый көңіл, эмпатияның жоғары деңгейі тән болады.

Жоғары әлеуметтік интеллект профилінде 3-ші субтест нәтижесі бойынша зерттеуге қатысқан болашақ педагогтердің қарым-

қатынаста өз тарапынан ғана түсінушілік, қабылдау білдіріп қоймайтыны айқындалады. Оларға қарым-қатынас үдерісінде кері байланыстың да маңызы зор болып табылады.

Жоғары әлеуметтік интеллект профилінде 1-ші субтесттің стандарттық балл бойынша жоғары мәні зерттелуші болашақ педагогтерде қарым-қатынас жасаушылардың мінез-құлығының, жүріс-тұрысының салдарын аңғаруға қабілеттің жеткілікті дамуын сипаттайды.

Зерттелуші болашақ педагогтердің жоғары әлеуметтік интеллект профиліндегі стандарттық балл бойынша 1-ші субтесттің нәтижесі олардың қарым-қатынаста өздерінің мінез-құлық, жүріс-тұрыс тактикасы мен стратегиясын жобалай алуын көрсетеді.

Жоғары әлеуметтік интеллект профилінде 2-ші субтесттің стандарттық балл бойынша жоғары мәні зерттелуші болашақ педагогтерде қарым-қатынас жасаушылардың вербалды емес экспрессивті реакцияларын түсінуге сезімталдықтың дамуын сипаттайды.

Зерттелуші болашақ педагогтердің қарым-қатынаста басқалардың қылықтарын, аффектік саласын, ниет-тілектерін жақсы түсініп, жағдайдың кейінгі өрбуін болжауға деген қабілеттілікпен ерекшеленуін жоғары әлеуметтік интеллект профиліндегі стандарттық балл бойынша 1-ші субтесттің негізінде анықтауға болады.

Олай болса, әлеуметтік интеллектінің маңыздылығын, күрделі мәселе екендігін ескеріп, оның құрылымдарын жетілдіруге қатысты жоғары оқу орнында арнайы, мақсат-бағдарлы ұйымдастырылып, жүргізілетін психологиялық, педагогикалық профилактика, түзету, дамыту шараларына болашақ педагогтер қамтылуы тиіс деп санаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Бодалев А.А. Адам – адам ретінде қабылдау және түсіну. – М., 1982.
- 2 Карамуратова Р.Б. Педагогикалық процесте жанашырлық бағалау рөлін психологиялық зерттеу. [Тұлға – Личность] – Өскемен, 2007.
- 3 Митина Л.М. Еңбек психологиясы және мұғалімнің кәсіби дамуы. – М., 2004.
- 4 Реан А.А. Тұлға психологиясы. Әлеуметтану, тәрбие, қарым-қатынас. – СПб, 2004. – 416 б.
- 5 Брушлинский А.В. Субъект: Ойлау, оқу, қиял. – М., 1996.
- 6 Вертгеймер М. Продуктивті ойлау психологиясы. – М., 1987.
- 7 Выготский Л.С. Ойлау және сөйлеу [Жинақ. шығ.] – Т. 2. – М., 1982. – 5-361 бб.
- 8 Гилфорд Дж. Интеллектінің құрылым моделі [Ойлау психологиясы]. – М., 1965.
- 9 Космитский К, Джон О.П. Әлеуметтік интеллектінің айқын концепциясы жасырын пайдалану // Тұлғалық және жекелік айырмашылықтар. – 1993. – 11-23 б.
- 10 Кант Н., Хилстром Дж.Ф. Әлеуметтік барлау және жеке тұлғаның танымдық бағалауы. – С. 2., – 1989. – 1-59 бб.
- 11 Михайлова (Алещина) Е.С. Әлеуметтік интеллектіні зерттеу әдістері. – СПб., 1996.
- 12 Ерментаева А.Р., Кенжебаева Қ.С. Болашақ педагогтардың әлеуметтік интеллектісінің ерекшеліктері. Әлеуметтік ғылымдар. – С.10., 2015. – 1523-1527 бб.

References

- 1 Bodalev A.A. Adam – adam retinde kabyldau zhane tusinu. – M., 1982.
- 2 Karamuratova R.B. Pedagogikalyk proceste zhanashyrylyk bagalau rolin psihologijalyk zertteu. [Tulga – Lichnost'] Oskemen, 2007.
- 3 Mitina L.M. Enbekpsihologijasyzhanemugalminkasibidamuy. – M., 2004.
- 4 Rean A.A. Tulfa psihologijasy. Aleumettanu, tarbie, karym-katynas. – SPb, 2004. – B. 416.
- 5 Brushlinskij A.V. Subekt: Ojlau, oku, kija. – M., 1996.
- 6 Vertgejmer M. Produktivti oilau psihologijasy. – M., 1987.
- 7 Vygotskij L.S. Ojlauzhane soileu [Zhinak. shyg.] – T. 2. – M., 1982. – B. 5-361.
- 8 Gilford Dzh. Intellektinin kurylym modeli [Ojlau psihologijasy]. – M., 1965.
- 9 Kosmitskij K, Dzhon O.P. Aleumettik intellektinin ajkyn koncepcijasy zhasyryn pajdalanu // Tulgalyk zhane zhekelik ajymashylyktar. – 1993. – B. 11-23.
- 10 Kant N., Hilstrom Dzh.F. Aleumettik barlau zhane zheke tulganyn tanymdyk bagalauy. – S. 2., – 1989. – B. 1-59.
- 11 Mihajlova (Aleshina) E.S. Aleumettik intellektini zertteu adisteri. – SPb., 1996.
- 12 Ermentaeva A.R., Kenzhebaeva K.S. Bolashak pedagogtardyn aleumettik intellektinin erekshelekteri. Aleumettik gylmdar. – S.10., 2015. – B.1523-1527.